

## **2-ҚОСЫМША – «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ-да ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУГЕ РҰҚСАТ АЛУ РӘСІМІ**

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-да (Департаменттерде, Орталықтарда немесе Мектептерде) зерттеу жүргізуге рұқсат алу үшін осы қосымшаны негіз ретінде қолданылуы керек.

Бұл құжат зерттеулердің/зерттеушілердің үш категориясын анықтайды.

**1 категория** – ДББҰ бастамасы негізінде зерттеулер жүргізетін зерттеушілер;

**2 категория** – өз еріктерімен немесе сыртқы ұйымдармен зерттеу жүргізетін ДББҰ қызметкерлері;

**3 категория** – сыртқы зерттеулер жүргізетін сыртқы зерттеушілер.

ДББҰ-да жүргізіліп жатқан барлық зерттеулер туралы Зерттеу департаменті хабардар болуы керек. ДББҰ ұйымы қолдауымен жүргізілген барлық зерттеу жұмыстарының нәтижелері Зерттеу департаментіне жіберілуі керек (есеп, диссертациялық немесе дипломдық жұмыстар, ғылыми мақалалар, т.б.). Зерттеу жүргізуге рұқсат алу үшін өтініш хат жазбаша түрде немесе электрондық поштаға жіберілуі тиіс.

**1 категория** – ДББҰ бастамасы негізінде жүргізілетін зерттеулер.

ДББҰ өзінің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру мен ұйымның өз міндеттерін орындау мақсатында Зерттеулер жүргізу тұжырымдамасына сәйкес зерттеушілерге өзіндік ішкі зерттеулер, бағалау және мониторингтер орындауға тапсырма береді. Мұндай зерттеулер кейде сыртқы серіктестермен де өткізілуі мүмкін.

1 категориялы зерттеулер Зерттеу департаментімен бірге дайындалып, Ғылыми-консультациялық кеңесте ұсынылып, ДББҰ басшылығымен мақұлданған болуы керек.

Белгіленген мектептерге бармастан бұрын жоба жетекшісі мектептерге келесі ақпаратты ұсынуы тиіс:

- зерттеудің толық сипаттамасы;
- зерттеу барысында қолданылатын құжаттар (келісімхат, сауалнама, интервью және т.б.);
- жоба жетекшісі туралы толық ақпарат;
- белгіленген мектептерге баратын зерттеушілер тізімі;
- ұсынылған зерттеу жүргізу кестесі.

## **2 категория – Өз бетімен немесе сыртқы мекемелермен зерттеу жүргізетін ДББҰ қызметкерлері**

ДББҰ қызметкері өз бетімен бір Департамент, Орталық немесе Мектептер шеңберінде зерттеу жүргізу үшін алдымен ДББҰ құрылымы директорының келісімін алып, Зерттеу департаменті директорын хабардар етуі тиіс.

Егер зерттеу бірнеше Департамент, Орталық немесе Мектепте жүргізілетін болса, Зерттеу департаментінен рұқсат алынуы керек.

Зерттеу жүргізуге рұқсат беруде құзыреттілікті қаматамасыз ету үшін зерттеуші келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- зерттеудің толық сипаттамасы;
- зерттеу барысында қолданылатын құжаттар (келісімхат, сауалнама, интервью және т.б.);
- жоба жетекшісі туралы толық ақпарат;
- белгіленген мектептерге баратын зерттеушілер тізімі;
- ұсынылған зерттеу жүргізу кестесі.

## **3 категория – Сыртқы зерттеулер жүргізетін сыртқы зерттеушілер.**

Бұл категориядағы зерттеушілер қатарына ұлттық немесе халықаралық университеттер, білім беру мекемелері және ДББҰ қызметкерлері болып табылмайтын тәуелсіз зерттеушілер мен студенттер кіреді.

Зерттеу жүргізу алдында сыртқы зерттеуші немесе зерттеуші топ ДББҰ-ның Зерттеу департаментіне зерттеу жұмысы бойынша барлық құжаттарды ұсынуы тиіс.

Құжаттамада келесі құжаттар болуы керек:

- зерттеудің толық сипаттамасы;
- зерттеу барысында қолданылатын құжаттар (келісімхат, сауалнама, интервью және т.б.);
- жоба жетекшісі туралы толық ақпарат;
- белгіленген мектептерге баратын зерттеушілер тізімі;
- ұсынылған зерттеу жүргізу кестесі.

Зерттеуді барлық жақтармен талқыланып болғаннан кейін Зерттеу департаменті ДББҰ басшылығына (Төрайым немесе Төрайым орынбасары) зерттеудің сипаттамасы мен зерттеу бойынша ұсыныстар дайындап тапсырады. Рұқсат берілген жағдайда Зерттеу департаменті сыртқы зерттеу тобына немесе зерттеушіге келісім мен оған байланысты шарттар мен ұсыныстар туралы хабардар етеді.